

**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 771 болып тіркелген " Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру төлемдерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2003 жылғы 4 шілдедегі N 254 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 26 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2414. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2005 жылғы 12 наурыздағы N 78 Бұйрығымен (V053497)

"Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімділік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерінің бюллетені" журналында 1999 жылы N 10 жарияланған (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1999 жылғы 27 мамырда N 771 тіркелген) "Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру төлемдерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағиданы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 1999 жылғы 3 мамырдағы N 177 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің мынадай бұйрықтарымен өзгерістер енгізілді: 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 496 - N 919 тіркелді, 1999 жылғы 18 қазандағы N 570 - N 941 тіркелді, 1999 жылғы 8 желтоқсандағы N 650 - N 1019 тіркелді, 2000 жылғы 20 шілдедегі N 331 - N 1228 тіркелді, 2000 жылғы 24 қарашадағы N 496 - N 1305 тіркелді, 2001 жылғы 7 сәуірдегі N 177 - N 1484 тіркелді, 2001 жылғы 28 мамырдағы N 278 - N 1556 тіркелді, 2001 жылғы 15 тамыздағы N 381 - N 1649 тіркелді, 2001 жылғы 19 желтоқсандағы N 537 - N 1704 тіркелді, 2002 жылғы 4 наурыздағы N 88 - N 1802 тіркелді, 2002 жылғы 1 шілдедегі N 302 - N 1932 тіркелді, 2002 жылғы 15 шілдедегі N 324 - N 1927 тіркелді, 2002 жылғы 5 қазандағы N 478 - N 2028

тіркелді, 2002 жылғы 1 қарашадағы N 552 - N 2046 тіркелді, 2002 жылғы 25 желтоқсандағы N 638 - N 2130 тіркелді, 2003 жылғы 8 мамырдағы N 191 - N 2326 тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан, демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуден алынатын қаражаттарды, мемлекеттік мекемелердің депозиттік сомалары мен сақтандыру төлемдерін қалыптастыру, пайдалану және есепке алу тәртібі туралы қағадада:

барлық мәтін бойынша "сметасының", "сметаларда", "сметалар", "сметалары", "сметасында", "жеке сметасын", "жеке смета", "жеке сметаларды", "жеке сметасында" және "ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражат бойынша кірістер мен шығыстар сметасы" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "жоспар" деген сөзбен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "ақшалай сомаларын", "ақшалай қаражат" және "ақшалай қаражаттың" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "қаражат" деген сөзбен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "жиынтық смета", "жиынтық сметаның", "жиынтық сметаны", "жиынтық сметаларды" "жиынтық сметалардың" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "жиынтық жоспар" деген сөздермен ауыстырылсын;

#### 1 - т а р а у д а :

"ағымдағы шот", "ағымдағы шотты", ағымдағы шоттар", "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар", "мемлекеттік мекеменің "Ақылы қызмет көрсетуден алынатын қаражаттар" ағымдағы шотының" және "ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан алынатын қаражаттың ағымдағы шоты" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "ақылы қызметтер жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақта "2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ақылы қызмет көрсетулерді сатудан алынатын қаражат бойынша кірістермен шығыстардың жеке сметасын (бұдан әрі - жеке смета)" деген сөздер "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімділік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысы белгіленген нысан бойынша ақылы қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер және шығыстарды қаржыландыру жоспарын (бұдан әрі - жоспар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

13-тармақтағы "жоспарланатын жылдың 1 қаңтарына" деген сөздер "ағымдағы қаржы жылының 15 қаңтарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-1-тармақтағы "жаңа жеке және жиынтық смета" деген сөздер "жаңа жоспар және жиынтық жоспар" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-2-тармақтың бірінші абзацындағы "Жеке немесе жиынтық смета" деген сөздер "Жоспар немесе жиынтық жоспар" деген сөздермен ауыстырылсын;

19-4-тармақтағы "жеке (жиынтық) сметалар" деген сөздер "жоспарлар (жиынтық жоспарлар)" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-1-тармақтағы "демеушілік және қайырымдылық көмек шотындағы" деген сөздер "демеушілік және қайырымдылық көмек жөніндегі шоттардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақтың екінші абзацындағы "бағдарламалар немесе" деген сөздер "бағдарламалар және" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тараудағы "қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттары", "қайырымдылық көмек үшін шоттар", "Мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетуге арналған шоттары" және "мемлекеттік мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету үшін шоттарына" деген көздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тараудағы "депозиттік шоттар", "депозиттік шот", "депозиттік шоттарға", "депозиттік шоттарды" деген сөздер тиісті септіктер мен жекеше және көпше түрлерде "депозиттік қаражат жөніндегі шот" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Қағидаға N 2 қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Ақылы қызметтердің әрбір түрі бойынша кірістер және шығыстарды қаржыландырудың жиынтық жоспары";

көрсетілген Қағидаға N 2-1 қосымша алынып тасталсын;

көрсетілген Қағидаға N 2-2 қосымшаның тақырыбындағы "жиынтық (жеке)" деген сөздер "жиынтық жоспарының және" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Қағидаға N 4 қосымшадағы "қайырымдылық көмек көрсету үшін" деген сөздер "қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі" сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Қағидаға N 5 қосымшадағы "депозиттік шот", "депозиттік шоттар" деген сөздер тиісінше "депозиттік қаражат жөніндегі шот" және "депозиттік қаражат жөніндегі шоттар" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Министр*